

№ 50 А.Байтұрсынов атындағы көпсалалы мектеп – гимназиясы.

# АШЫҚ САБАҚ

Тарих пәнінің мұғалімі:

Әбен Кенжегүл Бұхарқызы

Шымкент

Тақырыбы: **Алаш қозғалысына – 90 жыл**

Тарих пәнінің мұғалімі:

Әбен Кенжегүл Бұхарқызы

Шымкент

# Алаш қозғалысына – 90 жыл.

- **Сабақ мақсаты:** ХХ ғасыр басында Қазақстанда болған Алаш қозғалысының Алашорда үкіметін құруы, олардың қызылимперияға қарсы күресі және Алаш қозғалысысының жетекшілерінң репрессияға ұшырауы туралы түсінік беру.

- **Білімділігі:** Алаш қозғалысы саяси күрес екендігін, буржуазиялық – демократиялық бағыттағы “Алашорда” үкіметін құру екендігін түсіндіріледі.
- **Тәрбиелігі:** Тақырыптың тәрбиелік мазмұнына тоқталып оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу, бойына патриоттық сезім ұялату.

- **Дамыту:** Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т. б. туралы өз бетінше ізденіп ғылыми жұмыстар қорғау, интернет материалдарын пайдалану.
- **Сабақ көрнекілігі:** Қазақстан картасы.
  - Суреттер
  - Кестелер
  - Қосымша құжаттар

- **Сабақ түрі:** Дәстүрлі емес сабақ
- **Әдісі:** Ғылыми жұмыстарды қорғау
- **Сабақ барысы:**
  1. Ұйымдастыру.
  2. Кіріспе
  3. Алаш қозғалысы туралы шолу жасау
  4. Ғылыми жұмыстарды қорғау
  5. Қорытынды
  6. Бекіту
  7. Үйге тапсырма

- Кіріспе:

“Алаш” туының астында

Қуә болсын Арымыз!

Көркейтуге Алашты

Құрбандық біздің жанымыз!

Жасасын, Алаш, жасасын! – деп С.

Торайғыров өткен ғасырдың басында “Алаш” қозғалысы жайлы жырлаған болатын. Қазақ тарихының ақтаңдық беттерін қарап отырсақ, ұлт, тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл империяға қарсы қаймықпай күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен. Міне, сол “Алаш” қозғалысына биыл 90 жыл.

- I. 1917ж. Қазақстанда Уақытша үкімет мамырдан бастап ауылдар мен селоларда құрыла бастады. Қазақ халқының өкілдерінен Уақытша үкіметтің комиссарлары болып: Торғай облысында - Ә.Бөкейханов, Жетісуда – М. Тынышбаев, Түркістанда – М.Шоқай тағайындалды.

# ■ Уақытша үкіметтің Қазақстандағы қызметінің нәтижесін мына кестеден көрсек:

Уақытша үкіметтің қоғамдық міндеттерді шешуі

Соғыс жөніндегі мәселенің шешілуі үшін мүмкіндіктер жасалды. Самодержавие жойылды. Тыл жұмыстарына реквизицияланғандар Отанына қайтарылды. 1916 жылғы оқиғаларға қатысушыларға кешірім жарияланып, ақшалай өтемақы енгізілді.

Соғыс тоқтатылған жоқ. Аграрлық мәселе шешілген жоқ. Самодержавие кезеңінде қазақтардан тартып алынған жерлер қайтарылған жоқ. Қазақстандағы отарлық басқару аппараты қиратылған жоқ. Іс жүзінде патша самодержавиесінің саясатын жалғастырды.

- Қазақстанда қоғамдық – саяси өмір үлкен өзгеріске ұшырады. 1917 жылы шілдеде Орынборда бірінші Бүкілқазақ съезі шақырылды. Онда мемлекеттік басқару, автономия, халықтық милиция құру, оқу ағарту, сот, саяси партиялар құру т.б. жөніндегі мәселелер қарастырылды. Съезд “Алаш” партиясын құру жөнінде шешім қабылданды.

- “Алаш” партиясының басшылары Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов т.б. буржуазиялық-демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының өкілдері еді. Алаш партиясының қатарына ғылыми және шығармашылық зиялы өкілдері: М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы т.б. кірді.

- 1917 жылы желтоқсанда “Алаш” партиясының Екінші Бүкілқазақ съезі болып өтті. Съезде автономия мен оның үкіметін құру жөніндегі құжаттар қабылданды. “Алаш” атауымен қазақ автономиясының құрылғанын мәлімдеді. “Алашорда” деп аталды. Құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары, Закаспий облыстары мен Алтайдың қазақтар мекендеген аудандары еруге тиіс деп қаулы қабылданды. Алашорда орталығы Семей қаласы. Алашорда үкіметті Ә. Бөкейханов басқарды.

- Ал 1917 жылы қарашада Қоқан қаласының Уақытша Кеңес басқарған IV Төтенше Түркістан Мұхтариаты өз жұмысын бастады. Басшысы М. Тынышбаев, сыртқы істер министрі М. Шоқай.
- Осылайша Қазақстанда көпөкіметтілік орнады.

# ■ Қазақстанда көпөкіметтіліктің мәні

Уақытша үкімет



- 1917 жылы 21 қарашада “Қазақ” газетінде “Алаш” партиясының бағдарламасының жобасы жарияланды. 10 бөлімнен тұрады.

Бағдарламасы:

- **1. Мемлекет қалпы**
- Россия демократиялық, федеративтік республика болу. (Демократия мағынасы - мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы - құрдас мем-лекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.)
- Үкімет басында Учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауапты болу.
- Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау хұқында хан, дін, еркек-әйел талғаусыз болу.
- Законды жалғыз ғана Г. Дума шығару һәм Г. Дума үкімет үстінен қарап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау хұқы да Г. Думада болу. Мемлекет салығы Г. Думасыз салынбау.

## ■ 2. Жергілікті бостандық

- Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алу.
- «Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орын-дарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһид<sup>1</sup> қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.
- «Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарақи<sup>2</sup> ету жағына бастайды.

### ■ 3. Негізгі хұқық

- Россия республикасында дінге, ханға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.
- Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға - еркіншілік; үкімет қызметшілері иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығын аттамаушылық; законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай тұтқын қылмаушылық; кылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып, жабылса, судья үкімімен жабылу.
- Кісі хатын ашқанға - айып, оқығанға жаза болу.

## ■ 4. Дін ісі

- Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жаюға\* ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.
- Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу, жесір дауы сотта қаралу.

## ■ 5. Билік һәм сот

- Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кім де болса, олардың үкіміне мойынсыну.
- Айтылған үкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен каралу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу. Присяжныйлар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылу.

## ■ 6. Ел қорғау

- Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына белгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

## ■ 7. Салық

- Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға - байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу.

## ■ 8. Жұмысшылар

- Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды.)

## ■ 9. Ғылым-білім үйрету

- Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу.

## ■ 10. Жер мәселесі

- Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы ал-дымен жергілікті жұртқа берілсін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу; сыбаға өлшеу - норма жердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу; Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара әділдік жолмен пайдалану.
- Жер законінде жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайда-сынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астыңғы\* байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу.
- Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл бай-лықтары земство мүлкіне саналу.

- Азамат соғысы жылдары Алашорда үкіметі Кеңес өкіметіне қарсы болғандықтан саяси қудалауға ұшырады. 1920 жылы Алашорда үкіметін жою жөнінде қаулы шықты. Тоталитарлық тәртіптің нығаюы алашордашылардың өміріне, ісіне араласа отырып 1937 – 1938 жылдары жаппай сталиндік репрессияға ұшырады.
- 1955 жылы алашордашылар ақталса да, ресми тарихтан тыс болды. Тек 1988 – 1989ж. Қазақстан Ком-к партиясының шешімімен шығармашылық мұралары жарық көрді.

1917 ж. шілде

1917 ж.  
желтоқсан

Алаш  
партиясыны  
ң  
бағдарламас

Ы

**1917 ж  
шілде**


**1917 ж**  
**желтоқсан**

***Алаш партиясының  
бағдарламасы***



**БӨКЕЙХАНОВ Әлихан (1866-1937)** - ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің төрағасы, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, публицист, аудармашы. Санкт-Петербургтегі орман техникалық институтының экономика факультетін бітірген. Оқуын аяқтаған соң Омбы орман шаруашылығы училищесінде педагогикалық және ғылыми қызметпен айналысты. **1904** жылы орыс

шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы жөніндегі материалдар дайындаған Ф. А. Щербиннің экспедициясының құрамында жұмыс істеді. Конституциялық - демократиялық партияның мүшесі, бірінші шақырылған Мемлекеттік Думаның депутаты болды. Патша самодержавиесінің отаршыл саясатына қарсы қызметі үшін бірнеше рет түрмелерде отырды. «Қазақ» газеті арқылы оқу ағартушылық қызмет жүргізді. 1917 жылы Ә. Бөкейханов Қазақстан бойынша Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалды. «Алаш» ұлттық саяси партиясын құрды, 1917 жылы желтоқсанда екінші бүкілқазақтық төтенше құрылтайда оның бастамасымен Қазақ автономиясы — «Алашорда» жарияланды. Бөкейханов Азамат соғысы жылдары Кеңес өкіметінің ұлттық автономияны сақтау жөніндегі декларациялық уәдесіне байланысты басқа алашордашылармен бірге белсенді саяси және мемлекеттік қызметтен уақытша бас тартуға мәжбүр болды. Ә. Бөкейхановтың басты мақсаты қазақтардың дербес мемлекетін құру еді. Өмірінің соңғы жылдарын Мәскеу қаласында өткізді. 1937 жылы атылды. 1988 жылы ақталды.



**БАЙТҰРСЫНОВ** Ахмет (1873-1938) - қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, ақын, түркітанушы ғалым, аудармашы, педагог-ағартушы, публицист, қоғам қайраткері, лингвист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Торғай орыс-қазақ училищесінде, Орынбор мұғалімдер семинариясында оқыды. Ауылдық, болыстық мектептерде, екі сыныптық орыс-қазақ училищелерінде ұстаздық етті. А. Байтұрсынов

«Алаш» партиясы басшыларының бірі болды, Қырғыз (Қазақ) өлкесі Әскери-революциялық Комитетінің мүшесі болып сайланды. В. И. Ленин қол койған мандат алып комитет құрамында жұмыс істеді, Қазақ АКСР-ін құруға елеулі үлес қосты. Қазақ АКСР-і құрылған соң үкімет құрамына кіріп, оқу-ағарту халық комиссары болып жұмыс істеді. Соңынан «Ақ жол» газетінде, Оқу-ағарту Халық Комиссариатының жанындағы академиялық орталықта қызмет етті. А. Байтұрсынов тілтану мен әдебиет зерттеу жөнінде бірқатар еңбек-тер жазды. Қазақ жазуына реформа жүргізудің қағидаларын белгілеп, бірінші қазақ әліппесінің авторы атанды. Қазақ жазуына реформа жасаудың ол ұсынған жобасы прогресшіл зиялылардың арасында қолдау тауып, 1924 жылы ресми түрде қабылданды. 1929 жылы ешбір негізсіз тұтқындалып, түрмеде отырды, соңынан Архангельскіге жер аударылды. 1934 жылы М. Горький мен оның әйелі Е. П. Пешковалардың араласуымен, Халықаралық Қызыл Крест ұйымының көмегімен босатылды. Бірақ еркіндік көпке созылмай, 1937 жылы қайта тұтқындалды. Ату жазасына бұйырылды. 1988 жылы ақталды.



**ДУЛАТОВ Міржақып** (1885-1935) - Алаш қозғалысының қайраткері, көрнекті қазақ ақыны, жазушы, педагог, қоғам қайраткері. Педагогикалық курстарды бітірген соң ауыл мектебінде мұғалім болып істеді, орыс және батыс жазушыларының шығармашылығын өздігінен оқып үйренді. М. Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметімен тығыз байланысты. Ол «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің бағдарламалық құжаттарын дайындауға қатысты, А.

Байтұрсыновпен бірге құқықтық мемлекет қағидаларын жасады. Ол халық тарихында бірінші рет ашыққандарға көмек беру қорын ұйымдастырды. М. Дулатов өз әңгімелері мен өлеңдері жарияланып тұрған бірінші қазақ журналы «Айқаптың» жұмысына белсене араласты. 1917-1919 жылдары «Қазақ» газетінің редакциясында, кейінірек «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде жұмыс істеді. Қазақ мемлекеттік университетінде ұстаздық етті. Саяси лирика шығармаларын жазған М. Дулатов Пушкин, Лермонтов, Шиллер шығармаларын қазақ тіліне аударумен де айналысты. 1910 жылы жарияланған қазақ әдебиетіндегі бірінші роман «Бақытсыз Жамалдың» авторы. «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы үшін ақын бір жарым жылын түрмеде өткізді. «Азамат» өлеңдер жинағы мен «Терме» атты көркем-публицистикалық жинағымен де танымал. М. Дулатов Абай шығармашылығы, Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсыновтардың мұралары, қазақтар мен қырғыздардың шығу тегі жөнінде зерттеу мақалаларын да жазды. 1928 жылы М. Дулатов тұтқындалып, 10 жыл бас еркінен айыруға үкім етілді. Екі жыл түрмеде өткізіп, соңынан Соловецк лагеріне жер аударылды. Сонда 1935 жылы 5 қазанда қайтыс болды. Қайтыс болғаннан кейін ақталды.



**ШОҚАЙ Мұстафа (1890-1941)** - аса көрнекті саяси, қоғам және мемлекет қайраткері, публицист, журналист, гуманист, демократ. XX ғасыр басындағы еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күрескерлердің ірі өкілі. Бастауыш білімді отбасында алып, Ташкент гимназиясын орыс тілінде бітірді. Петербург университетінің заң факультетін үздік бітірді. 1917 жылдың ақпанына дейін Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының Түркістан жөніндегі істері бойынша хатшысы болып істеді. Петербургтен Түркістанға қайтып оралған соң либерал-демократиялық азаттық қозғалыс

басшыларының бірі болды. 27 жасында ол бүкіл Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың басшыларының біріне айналды. Түркістан (Қоқан) Республикасының құрылуымен қорғаныс министрі, үкімет төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарды. Қазан революциясына қарсы болды. Қоқан автономиясы қуып таратылған соң шетелге эмиграцияға кетті. Антикөңестік оппозицияның көрнекті өкілі болды. Шетелде журналдар шығарып тұрды. Өзінің көптеген мақалаларында, әсіресе «Кеңестердің билігіндегі Түркістан» атты кітабында большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметінің Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы әлеуметтік-экономикалық және ұлт саясатын сынға алды. Мұстафа Шоқай Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ежелгі ірі бай мәдениеті мен тарихын насихаттаған ағартушы болды. Ол орыс әдебиетінің білгірі саналып, ағылшын, француз, неміс, түрік және араб тілдерін тамаша меңгерді. Ол бүкіл өмірін Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ар-абыройы, шындығы жолындағы күреске арнады, оның жаны мен жүрегі өз туған халқымен әрдайым бірге болды. Қоқан Республикасы талқандалған соң Грузия мен Түркия арқылы қашып, Германияға, Берлинге келіп орналасты. Ол мұнда Ресейлік мұсылман эмигранттардың ұйымын басқарды, ғылыми жұмыспен айналысып, «Еңі Түркістан» мен «Яш Түркістан» журналдарын басып шығарып тұрды.

■ **1940** жылы маусымда М. Шоқайды фашистер тұтқындап, Компьен лагеріне жабылды. **1941** жылы желтоқсанда Берлинде жұмбақ жағдайларда қайтыс болды. А. Шульгин ол жөнінде: «бұл түркістандық сонымен бірге жоғары білімді Еуропалық болды, «жеке өзі» бүкіл елді көрсете алатын еді» деп жазды.



**ТЫНЫШБАЕВ Мұхаметжан** (1879-1838) - ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, Алаш қайраткері, тұңғыш кәсіби-техникалық маман, тарихшы-ғалым. Верный қаласындағы гимназияны алтын медальмен бітірген (1900) соң, Санкт-Петербургтегі Императорлық қатынас жолдары инженерлері институтына түседі. Оны 1906 жылы үздік бітірген. Оқып жүрген жылдарында саяси өмірге белсене қатысып, социалист-революционерлер партиясына кірді. «Сын Отечества», «Речь», «Радикал», «Русский Туркестан» тәрізді либералдық, радикалдық

басылымдармен байланыс жасады. Екінші Мемлекеттік Думаның депутаты, оның мұсылман фракциясының мүшесі болды. Қатынас жолдары инженері ретінде

М. Тынышбаев Түркісіб құрылысын жобалау мен жүргізуге белсене қатысты.

Бұл аса көрнекті адамның есімі көп уақыт бойы тек тар шеңбердегі адамдарға белгілі болып келді. Бұл оның кеңестер мойындамаған «Алаш» партиясының бастауында тұрған қазақ демократиялық интеллигенциясының басқа өкілдерімен бірге болуына байланысты еді. «Алаш» Қазақ мемлекеттілігін 1917 жылы желтоқсанда Алаш автономиясын жариялау арқылы қайта жаңғыртуға қол жеткізді. Оның үкіметінің, яғни Алашорданың құрамына М. Тынышбаев та кірді. 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін М. Тынышбаев бүтіндей саяси қызметпен айналыса бастады. Ол уездік және облыстық қазақ коми-теттерін ұйымдастыруға қатысты, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі болды. Сонымен бір мезгілде М. Тынышбаев Жетісу облысындағы Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалды. Осы қызметтерді атқара жүріп 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті патша жендеттері қатал басып-жаныштаған соң Қытайға өтіп кеткен қазақтар мен қырғыздарды Жетісуға қайтаруда қажырлы жұмыс жүргізеді. Қоқан қаласында өткен IV Төтенше мұсылман съезінде Түркістан Уақытша үкіметінің төрағасы (кейіннен ішкі істер министрі) болып сайланды. 1919 жылы Кеңес өкіметі жағына шықты. Алматыда оқытушылық, ғылыми-зерттеушілік, шаруашылық жұмыстармен айналысты. М. Тынышбаев 30-жылдары Кеңес өкіметіне қарсы қызметі үшін жалған айыпталып, «халық жауы» ретінде екі рет сотталды, соңынан атылды. 1958 жылы ақталды.



**ҚҰДАЙБЕРДИЕВ Шәкәрім (1858-1931)** - ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор, аудармашы. Шәкәрім есімі оқырмандарға ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында қайта оралды. Оның шығармашылығы жөнінде айтылмауының бірнеше себептері (Абаймен туыстық жақындығы, Кеңес өкіметіне деген салқын көзқарас танытуы) болды. Шәкәрімнің әкесі Абайға аға болып келетін. Ерте жетім қалған ІПәкәрім Абайдың қамқорлығында болды. Жан-жақты терең білім, араб, парсы, түрік және орыс тілдерін меңгеру Шәкәрімге тек қана

өдеби еңбектер ғана емес, тарихи, философиялық та-қырыптардағы еңбектер жазуға мүмкіндік берді. Ол батыс философтары Огюст Кант, Артур Шопенгауэр т. б. еңбектерімен танысып, олардың философиялық көзқарастарын ой елегінен өткізді. Шәкәрім шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі өзіндік жаңа құбылысқа айналды. Ақын әрі прозаик ретінде ғасырлар межесіндегі қазақ қоғамының өмір бейнесін көлемді түрде айқын бейнелеп, адамның ішкі дүниесіне терең талдау жасай білді. Оған дәлел - «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартай-Айсұлу» поэмалары мен 1988 жылы ғана жарық көрген «Әділ-Мәрия» романының кейіпкерлері. Поэмаларында адамдар арасындағы үнемі болатын күрделі қарым-қатынастар мәселесі, ғашықтардың қайғылы тағдырлары суреттеледі. Шәкәрім табиғат көріністерін суреттеудің шебері, кайталанбас стилі бар жазушы болды. Шәкәрім шығармашылығындағы тұрақты күрделі тақырып жазушы мен қоғамның өзара қарым-қатынасы мәселесіне арналды. Ақын әдебиеттің міндетін адамның жан-жақты жетілуі мен адамгершілік идеалдарды сіңіре отырып, өмірді жақсартуға, қоғам мүдделеріне қызмет ету деп түсінді. **1930** жылы ол: «Өз ағайындарына деген жүрек жылуы, ақыл-ойы, ар-намысы бар адамдар бірін-бірі қырып-жойып, бір-біріне жауыздық жасап өмір сүре алмайды» деген көреген жолдар жазып қалдырды. Ақын-ойшыл өмір ақиқатын танып-білуге ұмтылды. Бұл оның барлық шығармаларынан аңғарылып тұрады. Оның сан-салалы шығармашылық мұрасында Хафиз, Физули, Гарриет Бичер-Стоу, Пушкин, Толстой т. б. ақындар мен жазушылардың шығармаларынан жасаған аудармалары елеулі орын алады. Шәкәрім Құдайбердиев **1931** жылы Шыңғыс-тау тауына таяу жерде НКВД офицерінің қолынан қаза тапты.



**ЖҰМАБАЕВ Мағжан (1893-1938)** - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, аудармашы, педагог. Мұсылманша бастауыш білім алып, Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесін бітірді. Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезінде «Бірлік» жастар ұйымының жұмысына белсене араласты. 1923-1927 жылдары Мәскеуде Жоғарғы әдебиет-көркемөнер институтында оқыды. Осы жылдары Д. Н. Мамин-Сибиряк, М. Горький т. б. шығармаларын, В. И. Лениннің бірқатар еңбектерін қазақ тіліне аударды. **1927** жылдан бастап өзін педагогтік қызметке арнады. М. Жұмабаев

Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болды. «Бостандық туы», «Ақ жол», «Шолпан» басылымдарының жұмысына араласты, бірақ белсенді саяси қызметпен айналысқан жоқ. М. Жұмабаев Қазақстан педагогикалық ғылымының бастауында тұрды. Ол газеттер мен журналдарға кептеген мақалалар жазып, бірқатар оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындады. Оқу-ағарту саласында еңбек ете жүріп, «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол!», «Әліппе», «Тарту», «Оқу-жазуға үйрету», «Ересектерге оқу кітабын» жариялады. Мағжанның поэзиядағы алғашқы қадамдарынан-ақ жарқын, өзіндік таланттың белгілері аңғарылды. «Шолпан» өлеңдер жинағы ақынды кеңінен танымал етті. Ол «Батыр Баян» поэмасын, Түркістан туралы өлеңдер топтамасын, «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» поэмаларын жазды. М. Жұмабаев шығармаларында Шығыс халықтары мен Батыстың рухани ағындары ұштасқан Орта Азия мен Қазақстан аймағындағы ақындардың алғашқы ұрпағына жатады. М. Жұмабаев үшін жалған айып тағылып, тұтқындалуы, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, Карелияға жер аударылуы ауыр сынақ болды. Бакытқа орай, бұл жолы М. Горький мен оның әйелі Е. Пешковалардың ара түсуі М. Жұмабаевты НКВД-ның қатыгездігінен құтқарды. Шығармашылық жоспарлары мол, еңбек етуге құлшынған, жер аударудан босатылған ақын үйіне қайтып оралады. Алайда бостандықта болу ұзаққа созылған жоқ. 1937 жылы 30 желтоқсанда қарадай жағылған жаламен тұтқындалып, 1938 жылы атылды. 1988 жылы ақталды.



**АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1895-1930)** – аса көрнекті қазақ жазушысы, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы және педагог. **1904-1911** жылдары Баянауылдағы ауыл шаруашылық семинариясында (**1919**) білім алады. **1917-1919** жылдары «Алаш» партиясының құрамында болды. «Қазақ тілі» газетінің редакторы, Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінің әдеби қызметкері, Шымкент педагогикалық техникумының директоры қызметтерін атқарды. Ж. Аймауытов осы жылдар ішінде «Қанапия мен Шәрбану», «Мансапқорлар» (1925), «Бақыт әуені», «Шернияз» (**1926**) пьесаларын, «Қарт-қожа» (1926), «Ақбілек» романдарын және бірнеше повесть, әңгіме, әдеби сын мақалаларын жазды. Ол «Психология», «Психология және өнертану» атты ғылыми еңбектерді де жазды. Ж. Аймауытов А. А. Богдановтың «Саяси экономиканың қысқаша курсы» монографиясын, М. Н. Покровскийдің «Орыс тарихының қысқаша жазбасын» қазақ тіліне аударды. Ж. Аймауытов аударған әдеби шығармалардың қатарына А. С. Пушкиннің «Сараң сері» мен «Тас мейман» трагедиялары, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстойдың, А. М. Горький мен У. Шекспирдің еңгімелері мен повестері жатады. **1929** жылы Ж. Аймауытов тұтқындалып, Мәскеу ОГПУ-іне әкетілді. **1930** жылы ату жазасына кесілді. **1988** жылы ақталды. Ж. Аймауытов шығармаларына тән белгі - олардағы эстетикалық бояулардың молдығы, әдеби тілінің көркемдігі мен стилінің әдемілігі. Ж. Аймауытов шығармаларының негізгі сюжеттік желісіне әйелдердің тен құқықтығы, адамгершілік, өткеннің қалдықтарымен күрес, жеткіншек ұрпақ өкілдерін қайырымдылық пен азаматтыққа тәрбиелеу мәселелері алынған.



## **РЫСҚҰЛБЕКОВ Қайрат Ноғайбайұлы -**

Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына белсене қатысушы. Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында туған. Алматы сәулет-кұрылыс институтының 1 курс студенті Қайрат Рысқұлбеков студент, жұмысшы жастар тобымен бірге Қазақстан

Компартиясы ОК-нің ғимараты алдындағы Республика алаңына **КОКП ОК** Саяси бюросының шешіміне қарсы өз наразылығын білдіру үшін келді. Бұл шешім республиканың бірінші басшысының орнына республика халқының ерекшелігі мен менталитетін мүлдем білмейтін адамды тағайындау жөнінде қабылданған еді. Республика халқының бұл жаппай наразылығы іс жүзінде Мәскеудің Одақ республикаларына қатысты мамандар ұлт саясатындағы тоталитарлық әрекеттеріне қарсы бағытталды. Жастардың бой көрсетуі елдің басқа аймақтарынан әкелінген әскери бөлімдердің күшімен қантөгіс арқылы қатаң басылды. 1987 жылы 1 қаңтарда Қ. Рысқұлбеков тұтқындалды. Ату жазасына кесіліп, соңынан бұл үкім 20 жыл түрмеде отырумен алмастырылды. **1988** жылы жұмбақ жағдайда қайтыс болды.


# ■ Қазақ зиялылары. ХІХ ғ. басы.



- А. Байтұрсынов қазақ зиялыларымен бірге.



■ "Халық жауларын" ату.



## ■ Қорытынды:

Ғасырлар бойы ата – бабаларымыз ұлан – байтақ қазақ жерін, елін тұлпардың үстінде жүріп, найзаның ұщымен, білектің күшімен қорғаса. Ал “Алаш” қозғалысының қайраткерлері саяси күресті ойлап тапты. Оларды да сүріндірді, бірақ құлата алмады. Қазақ халқының маңдайына азаттықтың ақ таңын көру 1986 жылы желтоқсан оқиғасынан кейін бұйырыпты.

Міне, тәуелсіздік алғанымызға биыл 17 жыл толды. Еліміздің тұғыры биік тәуелсіздігін сақтап, мақтан тұтайық!